

**ҰЛЫ  
ЖЕҢІСКЕ**


**70**

**ЖЫЛ**





*1941 жылы 22 маусымда* фашистік Германия өзара шабуыл жасаспау жөніндегі Кеңес –Герман шартын бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса көктеп кірді




Ұлы Отан соғысы басталды. Жер бетінде болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ауыр соғыс басталды. Германияның Қазақстанға қатысты жоспары айқын еді.





**22- маусым мен 29 шілде аралығында**  
**Кеңес шекарасын бұзып кірген**  
**Фашистік Германия Белорусия жерін**  
**бомбылаумен болды.**



*1941 жыл 23 маусым*

Ішкі істер жөніндегі КСРО Халық  
Комисары В. М. Молотовтың Радиодан  
хабарламасы жарияланды.

*1941 жыл 24 маусым*

*КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің  
«Халықты көшіру жөнінде Кеңес құру  
туралы» қаулысы шықты.*



*1941 жылы 10 шілдеден -1944 жылдың  
13 қаңтарына дейін – Ленинград -Нева  
жағасындағы ұлы қала от пен оқтың арасында  
900 күн қаһармандықпен қорғанып тұрды*





***8 тамыз – И. В. Сталин КСРО Қарулы  
Күштерінің Жоғарғы Бас  
командасы лауазымына тағайындалды.***





*29 қыркүйек- 1 қазан – КСРО,  
АҚШ, және Ұлыбритания* басшы өкілдерінің  
өзара соғыс жабдықтарын беріп тұру мәселесі  
жөнінде Москва конференциясы болды.



*1942 жыл қаңтар* – Фашистік германияға қарсы соғыс одағын құру туралы КСРО, Ұлыбритания, және Иран арасында келісім жасалды.

**1941 жылдың 30 қыркүйегінде 1942 жылдың 7-8 қаңтарында - Москва түбінде қырғын шайқасболды.**



*30 тамыз- 6 қыркүйек* – Неміс- фашист әскерлері Ельня аймағында жеңіліске ұшырады.



**Момышұлы Бауыржан** – әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал майор И. В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316- атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды.





**1942 жыл** тамызда ол өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, 21-нші атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты. Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты.

**4 жылдық соғыстың барысында жауға атылған  
10 оқтың 9-ы Шымкент пен Өскеменнің  
қорғасын зауыттарында дайындалды.**





**1942 жылдың 17 шілде -1943 жылдың  
2 ақпан – Сталинград түбінде қырғын  
соғыс болды.**



*1943 жыл 10 қаңтар-  
2 ақпан* – Сталинград  
түбінде қоршауға алынған  
неміс- фашист  
әскерлерінің тобын жою  
ұрыстары жүргізілді.



**1943 жыл 10–14 қазан** — Оңтүстік –Батыс майданының әскерлері Днепрдің сол жақ жағалауындағы неміс фашист әскерлерінің плацдармын жойып Запорожье қаласын азат етті.



**1944 жылы 3 июльде**

3-ші және 1-ші Беларус  
майдандарының әскерлері  
Белорусия КСР-нің астанасы  
Минскіні азат етті.



# 1944 жыл



## Әлия Молдағұлова

Әлия Молдағұлова Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында туған. 1944 жылы Прибалтика майданында ерлікпен қаза болған.



**1944 жылдың жазында кеңес-герман**

майданында күрделі өзгерістер болды.

Қыста және көктемде Қызыл Армияның солтүстік батыс пен оңтүстік-батыстағы пәрменді шабуылы, неміс-фашист әскерлерінің адамдары мен соғыс техникасын орасан зор шығынға ұшыратты.





Рақымжан Қошқарбаев және Григорий Булатов еді.

150-ші атқыштар дивизиясының соғыс қимылдары журналына сәйкес, 30 сәуір 1945 жылы сағат 14:25 кезінде лейтенант Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Булатов «жер бауырлап ғимараттың орталық бөлігіне келіп, бас кіреберістің сатысына қызыл туды орнатты». Бұл кезде рейхстаг үшін күрестің ең қызып жатқан кезі еді.

**1945 жылы 2 мамырда** Берлин қаласы алынды.

**1945 жылғы 8 мамыр**-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды.

**1945 жылғы 9 мамыр**-Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.





## 1941-1945 жылдар аралығында

Қазақстаннан 1 миллион 200 мыңнан астам адам майданға аттанды. Соның жартысынан астамы, яғни халықтың шамамен 10 пайызы соғыстан қайтып оралған жоқ.



Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін

**Кенес Одағының Батыры атағын алғандар:**

- 1.Барлығы-11600 адам;
- 2.Қазақстандықтар-497, оның ішінде қазақтар-97;
- 3.Қазақ қыздары-2.



# 1941-1945 жылдар



9

Мамыр

1941-1945

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІМЕН!